

УДК: 930.85

**КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ (ҮЛКЕН ЖӘНЕ КІШІ ЖАЗУ)
ТҮРКІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ ХАҚЫНДА**

Айымбетова Ардак Оразбаевна

aizuna83@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті

«Түркітану» мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.М. Сыздықов

Дәстүрлі дүниетаным – халықтық рухани мәдениеттің бір бөлігі. Өткен ғасырлардағы өмір сүрген түркілердің дүниетанымын білмей тұрып, оның рухани, материалдық және әлеуметтік жағдайын да біле алмаймыз. Сондықтан, түркілер мен олардың ұрпақтарының тарихын оқып, үйрену барысында дүниетанымын зерттеу қазіргі таңда да актуалды тақырып болып қала бермек [1, 222].

Түркі мемлекеттеріндегі идеология қазығы ретінде алынған дәстүрлі дүниетаным – Тәңірі дінінің идеологиялық қайнар-күші орасан зор болды. Қоғам ішінде тәртіп орнатып, қоғам жұмысын реттейтін, қоғам мүшелерін біріктіретін ереже сол қоғам баяндылығының кепілі болып табылады.

Түркі мемлекетінде жетекшілік дәрежеге жеткен дәстүрлі дүниетаным мемлекеттік жүйе мен этностың мәдени-шаруашылық ерекшеліктерінің қалыптасуына ықпал етті. Мемлекетті мекендеуші халықтың мәдени құндылықтары да дәстүрлі дүниетаныммен жымдаса отырып дамыды. Бұл туралы Д.Кенжетай: «Дәстүрлі түркілік дүниетаным бүгінгі ұлттық-мәдени ұстанымдарымыздың негізі. Дүниетанымның негізгі ұстыны мәдениет болса, мәдениеттің күретамыры оның тіршілігі мен қалыптасуына қажетті құндылықтар жүйесін реттеуші күш – дін болып табылады. Дәстүрлі түркілік дүниетаным – исламнан бұрынғы түрлі мәдениеттік қабаттардағы тілдік, ділдік және ойлау құндылықтарының жиынтық болмысы», - деп жазады.

Түркілердің дәстүрлі дүниетанымының бел ортасында тұрған абсолюттік рух немесе Жаратушы-Тәңірі болды. Түркілер дүниетанымындағы Тәңірі – жаратушылық, жазалаушылық, жарылқаушылық қасиетке шексіз ие Құдай. Түркілердің Тәңірі – алғашқы, мәңгілік сипатқа ие монотеистік діннің табыну нысаны.

Тәңіріге табыну тек билеушілер мен ақсүйектерді ғана камтымады. Түркі дүниетанымындағы орталық табыну нысаны – Тәңірі бүкіл түркі тайпаларына ортақ сенім болды [2, 21-28].

«Биікте көк Тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған» [3], – деп басталатын 1-ші бәйітте:

Күлтегіннің үлкен жазуындағы көрсетілген пайда болу, жаралу, қалыптасу тұрғысынан қарастырылған мағынадағы өлең (бәйіт) жолдары түркілер мемлекеттілігінің қалыптасып, дамуына ықпал еткен наным сенім жүйесінің бастамасы болды. Ата-баба аруағына, табиғатқа тағзым, жан-жануарларды құрметтеу сияқты ұсақ, қосымша сенім элементтерінің әу басында жалғыз Жаратушыны мойындайтын сенім жүйесі тұрды. Сондай-ақ, осы тұрғыда біз Тәңірі сенімі деп аталатын түркілердің дәстүрлі дүниетаным жүйесі Тәңірі – түркілердегі Жаратушы, жарылқаушы, бақылаушы және жауап алушы Құдай деген мағынада қарастырғанын байқаймыз. Тәңіріге деген шынайы сенім, діни наным-сенімдер түркі мемлекеттілігінің қалыптасуына, түркі қоғамындағы қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуге, қағанаттағы сыртқы-ішкі істерді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралардың шеңберін белгілеп берді. Тәңірі барлық құдайлардың тартылу орталығы болып, тұрмыс-тіршіліктің барлық түріне абсолютті түрде әсер ететін монотейістік дін болды. Түркі дүниетанымындағы орталық табыну нысаны Тәңірі бүкіл түркі тайпаларына ортақ сенім болды [2,16-23].

Феофилакт Симокатта: «Түркілер аспан мен жерді жаратушыға сиынады», - дейді. Сондай-ақ, ортағасырлық араб саяхатшысы ибн Фадлан былай дейді: «Егер түркі бір жамандыққа тап болса, аспанға қарап: «Бир Тенгри», яғни, «жалғыз Құдай», - дейді». Ол түркілердің мұсылмандарға жақындасу үшін «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген сөзін естідім, олар Құран оқығанда ұйып тыңдайды»[2,24]. Бұл туралы Л.Н.Гумилев: «...Көк тәңірі (көк аспан) – ол кәдуелгі көзге көрінетін аспанға қарама-қарсы қойылатын заттық аспан емес. «Аспан әруағын» қытайлар тек қана Көк тәңірі деп түсінген тәрізді», - дейді [6,56].

12-ші бәйітте: «Тәңірі қуат берген соң,

Әкем қағанның әскері бөрідей бопты», - [3] делінген өлең жолдарынан біз сол уақыттағы Тәңірге табынушылықты, ұлы күштен берілген қуаттың арқасында әскерлер мықты, қуатты болғандығынан үлкен жеңістерге жеткендігін баяндайды және жоғары санап бағалайды.

22-ші бәйітте:

«Төбеңнен тәңірі баспаса,

Астыңнан қара жер айрылмаса

Түрк халқы, ел жұртыңды кім қорлайды?», – [3] деп қандай да болмасын барлық болатын, болған және болып жатқан жағдайлардың бір ғана Тәңірге қатысты болғанын және мемлекетшілдік идеясының жарқын болғанын көре аламыз.

25-ші бәйітте:

«Әкем қағанды

Шешем қатынды көтерген Тәңірі,

Ел берген Тәңірі»[3],- деп келетін бәйіт жолдарынан сол кездегі биліктің жоғары бағаланғанын, құрметтелгенін, көк аспан мен қара жерден кейінгі орында биліктің тұрғанын көре аламыз.

Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі идеология қазығы ретінде алынған дүниетаным - Тәңірі дінінің идеологиялық қайнар күші орасан зор болы. «...түріктердің мемлекет жөніндегі қастерлі ұғымдары - халық, жер, қаған, Орда және әскер дегенді тұтас камтып жатады.» [4]. Түркілер ұғымында әлемді жаратушы Тәңір бірінші рет адамды, яғни, түркілердің ата-бабаларын жаратты, сондықтан да Жаратушы түркілерді өз камқорлығына тұтас алды. «Түрік» сөзінің өзі Жаратушымен байланысты болып, тұтас халықтың құдайлық сипатын анықтайды[2,25]. Бұл туралы В.Бутанаев өз зерттеулерінде: «төрік» сөзі «түрік» этнонимімен байланысты. «Көк түрік будун» сөзі «аспан тағдырлы халық, аспан таңдаған халық» дегенді білдіреді[5,260]. Бұл кейін түркілердің империялық ұстанымының негізгі концепциясы «Әлем түркілерге тиіс. Өйткені Әлемді жаратушы Тәңір – түркілердің Құдайы.

Тек түркілер ғана әлемді Тәңірі қалауына сай басқара алады» дегенге келіп сайды. Осылайша түркілердің дәстүрлі дүниетанымының негізі – Тәңірі түркілердің өзі ортасына орналасқан бүкіл әлемнің жаратушысы болып есептелді. Түркілер өздері құрған мемлекеттің тууына себеп болған да, желеп-жебеуші де осы Тәңірі деп есептеді. Өздерінің бүкіл іс-әрекетін Тәңірімен байланыстырған түркілер мемлекеттің дамуы да Тәңірі қалауына негізделген деп санады[2,26].

29-шы бәйітте:

«Сөйтіп тәңірі жарылқады»[3], - деп жоғарыдан алып күштің қолдауымен жарылқап, жеңіске жеткенін немесе жақсы жаңалықтың болғанын айтады. Әр болған немесе жасалған игі іске Жаратушының қолдауымен жеткендіктерін түсінгендерін байқаймыз.

50-ші бәйітте:

«Өзім қайғырдым

Тағдыры тәңірі жасар

Адам баласы бәрі өлгелі туған» [3], - деп тағдырды Тәңірінің жазатынын, адам баласының бұл жалғанда мәңгілік емес екенін, барлық жәйттер мен құбылыстар алып та тылсым күштен, яғни, Жаратушыдан келетінін айтады.

Осы орайда енді Күлтегіннің кіші жазуындағы келесі бірнеше бәйітке де тоқтала кетсек:

1-ші бәйіттегі «Тәңірідей Тәңірі ие – (көк аспандай биік билеуші ие)», - деп мұнда билеушінің жоғарыдан сайланғанын және Тәңірі жаратты деп жоғары қоятындығын айтады.

9-шы бәйітте:

«Тәңірі жарылқағандықтан, өзімнің құтым, бағым барлығынан қаған болып таққа отырдым» деп келетін бәйіт жолдарынан «...адам мен табиғат арасындағы қатынас Тәңірі арқылы реттелді. Әсіресе, адам баласына тән инстинктер – қорқыныш, табысқа құштарлық, жан тыныштығы сияқты сезімдердің сұранысын қанағаттандыру дәл осы түркілік дүниетанымда айрықша орын берілді. Құт ұғымы осылардың ішіндегі ең бастысы болды. Құдіретті тәңірінің иелігіндегі, бірақ, өзінің жаратқан адам баласының барлығына дерлік берілетін құт Тәңірінің шексіз жомарттығын білдірді». егер адам Тәңірі бекіткен өмір ережесін бұлжытпай, қоғам мен табиғатпен үндесе жүріп, осы арқылы Тәңірі махаббатына бөленсе, онда әу баста берілген құт сол адамды ғана емес, оның ұрпақтарын да жарылқап нағыз тәңілік құтқа айналады. Құт - адам мен Тәңірі, Тәңірі мне Әлем, адам мен әлем арасын байланыстыратын мән. Құтсыз өмір де мәнсіз, мағынасыз. Құт жоқ жерде тәртәп те, мемлекет те, береке де болмайды. Сол үшін де түркілердегі қоғамдық қатынастардың дамуымен қатар құттың маңызы арта түсті. Құтқа ие болу әрбір түркінің өмірлік мақсаты болды. Дәстүрлі түркі мемлекеттілігі үшін құттың сақталуы мемлекет дамуының кепілі болды» [2,31].

10-шы бәйітте:

«Үсте түрүк Тәңірісі – аспаны, түріктің қасиетті жері»[3],- деп Тәңірінің жоғары биіктігін көрсетеді. Сондай-ақ, түркілердің дәстүрлі дүниетанымының негізі – Тәңірі түркілердің өз ортасына орналасқан бүкіл әлемнің жаратушысы болып есептелгенін көреміз. Өздері құрған мемлекеттің тууына себеп болған да, желеп-жебеуші де, мемлекеттің дамуы да Тәңірі қалауына негізделген деп есептеген.

Қорытындылай келе, түркілердің дәстүрлі дүниетанымы Тәңірі сенімінде негізгі табыну нысаны жалғыз Құдай – Тәңірі болды. Осы дәстүрлі сенім жүйесі Түркі мемлекетінің қалыптасып, қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуге, қағанаттағы сыртқы-ішкі істерді дұрыс ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралардың шеңберін белгілеп берді. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ бетінде: «Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең», – деп айтылған[7,190]. Мұндағы «мәңгі ел» түркілердің өздері құрған мемлекетінің идеологиясы, елдік мұраты еді. Түркілер және өздерінен кейін ұрпақтары (Алтын Орда, ұлыстық мемлекеттер мен хандықтар) құрған мемлекеттеріндегі мемлекеттік идеологиялардың сан мәрте атауы өзгерсе де («Мәңгілік тәңірінің күші», «Алаш мыңы», «Алты Алаш», «Алаш») «мәңгілік ел» мұраты сақталып, дәстүр сабақтастығының

жалғасын қамтамасыз етті. Ендеше, «тәңірілік» дүниетанымы ортағасырлық түркілер құрған мемлекеттің "Мәңгі ел» идеологиясының қалыптасуына алғышарт ретінде қарастыруға толық мүмкіндік бар екенін көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Хабижанова Г.Б., Серкенова С.С. Единение с природой в религиозных верованиях тюркских народов Центральной Азии // Вестник КазНУ.Серия историческая.№3 (78).2015
2. Сыздықов С.М. «Мәңгілік ел» идеясы.-Астана:Фолиант,2013.-304б.
3. Сартқожа Қ. Орхон мұралары.-2008ж
4. Дәулетхан Ә. Ежелгі және орта ғасырдағы түркілер: тарихи зерттеулер.-Алматы,2011
5. Бутанаев В.А. Бурханизм тюрков Саяно-Алтая.-Абакан,2003.-260б.
6. Л.Н.Гумилев Түркілер.-Алматы: Білім,1994
7. Жолдасбеков М. Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. –Астана: Күлтегін,2007.-306 б.